

Ата-аналар қоғамымен жұмыс бойынша анықтама

Аққайың жалпы орта білім беретін мектебінде 2024-2025 оқу жылына ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру мақсатында жоспар құрылып, бекітілді.

Мектебімізде отбасы саны- 44.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының мақсаты : балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналарымен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін қалыптастыру.

Міндеті: Балалардың әл- ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығында арнайы 1-4сынып, 5-9сынып, 10-11сынып ата- аналарына арналған сабақтардың мазмұны құрылып, жоспар жасақталды. Сынып жетекшілер ата-аналармен арнайы сабақ өткізіп, өзекті мәселелерді қозғайды, ақылдасады, бірге шешімін табады. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жанынан «Даналық» мектебі соның ішінде әкелер мектебі, аналар мектебі болып қауымдастық құрылып, сол бойынша ата-аналармен арнайы сайыстар, қызықты әңгімелесу кештері ұйымдастырылды. Бұл жұмыстар оқу жылының соңына дейін жоспарға сай өткізілетін болады.

Соның ішінде ата-аналармен педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарына сәйкес «Бәйтерек» әкелер клубының жетекшісі Х.Мешитхан «Спорт- отбасы денсаулығының кепілі» атты отбасылық эстафета өткізді, Р.К.Жабагин «Ана махаббаты-отбасылық бақыттың кепілі» тақырыбында тәрбиелік іс-шара ұйымдастырды. М.Нәгдәлхан, Р.Қ.Тулегенова «Зейін алғырлықтың алғы шарты» тақырыбында сабақ өткізді. Р.Ауталив 1 сынып ата-аналарымен оқушылардың мектепке бейімделуі аясында жиналыс өткізді.

“Біртұтас тәрбие” бағдарламасы аясында АПҚО жоспарына сәйкес “ Логикалық ойлауды үйрену” тақырыбында 1-4 «Б» сынып ата-аналармен Б.К.Ахметова, А.Е.Байденова мектеп психологы Г.Н.Әбілхаева арнайы сабақ өткізді.


Мақсаты: баланың ойлауын дамыту аясында мектептен тыс бірге жұмыстар жүргізу, ата-аналарға қолдау көрсету негізінде ата-аналарға қызықты тапсырмалар беріліп, бала бойындағы ойлау қасиеттерін арттыру бойынша жұмыстар жүргізілді. Ата-аналар тарапынан туындаған сұрақтарға сынып жетекшілер жауап берді.

“Баланың ой пікірін ояту” тақырыбында 7-9 сынып ата-аналарымен А.К.Балгазина, А.Б.Байденов сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: баланың ой-

пікірін тыңдай білуге, қызығушылын арттыруға, ата-ана тарапынан мадақтау, құрметтеу ізгіліктерін дамытуға тәрбие негізінде жұмыстар жүргізу.

Жоспар бойынша «Отбасылық келісімнің кепілі – сенімді қарым қатынас» тақырыбы негізінде бастауыш сынып ата-аналарынан сауалнама жүргізілді. Сабақтың мазмұны сенімгерлік қарым-қатынас: бақытты отбасылық қатынастардың негізі; байланысты сенімгерлік басқарудың негізгі принциптері мен факторлары; сенімсіздік, бүркеншік сенім, шынайы сенім. Істерді талдау. Сенімсіздіктің теріс салдары. Баламен ойдағыдай сенімді қарым-қатынас жасау үшін ата-аналарға арналған негізгі дағдылар мен практикалық кеңестер негізінде қамтылды.

Ата-аналармен жасөспірімдер арасындағы келеңсіз жағдайлардың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары ұйымдастырылды. « Жасөспірімнің түсінік алу және қабылдау тәртібі», « Тұлғаның қалыптасуы: тәуелсіздікке құқық» тақырыптары негізінде ата-аналармен сабақтар ұйымдастырылды. Сабақтан тыс ата-аналарға қолдау аясында жаднамалар таратылды

Орындаған:  К.Т.Абилхаева